



АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ


АҚТАУ
ҮКІМДЕРІНІҢ
САНЫ АРТТЫ

2-бет



ӨМІРІ
ӨНЕГЕМЕН
ӨРІЛГЕН ЖАН

6-бет



ҮКІЛІ КЕР

8-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№79 (3610) 20 қазан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ажар ҒИНИЯТ,
Денсаулық сақтау министрі

«ЕМ ІЗДЕП ШЕТЕЛ АСУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ»

– Ажар Ғиниятқызы, денсаулық сақтау саласындағы соңғы қабылданған ірі жобалар туралы айтып өтсеңіз. Олардан қандай нәтиже күтеміз?

– Денсаулық сақтау – ең серпінді және жоғары технологиялық саланың бірі. Сондықтан заман көшіне ілесіп, қазақстандықтардың денсаулығын жақсартуға ұдайы ұмтылу қажет. Осы мақсатта жаңа ауқымды мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар әзірленуде. Мемлекет басшысының қолдауымен ауылдық денсаулық сақтау саласын дамыту, онкологиялық қызметті жаңғырту, ана мен бала денсаулығын сақтау және басқа да маңызды салалар бойынша үлкен жобалар іске асырылуда.

Біз қазір барынша күш салып жатқан бірінші және ең өзекті бағыт ауылды жерде тұратын азаматтарға медициналық көмек көрсетуді жақсартумен байланысты. Урбанизацияның тұрақты процесіне қарамастан, бүгінде 8 миллионға жуық қазақстандық (халықтың 38 пайызы) ауылдық жерде тұрады. Былтыр денсаулық сақтау ұйымдары желісінің жаңа мемлекеттік стандарты бекітілді. Осылайша, 50 адамға дейінгі ауылдарда медициналық көмекті үй-жайсыз медбике көрсетеді, ал 500 адам тұратын ауылда фельдшерлік-акушерлік пункт ашылып, медицина қызметкерінің саны үш бірлікке ұлғайтылды.

Бүгінде ауылдық жерлерде медициналық мекеме ғимараттарының 56 пайызы, медициналық құрал-жабдықтың 50 пайызы тозған. Ауылдарда жаңа медициналық ғимараттар салып қоймай, оларды заманауи құрал-жабдықпен, технологиямен жарақтандыру, кадрлармен қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ ем алу үшін үлкен қалаларға баруға, жол жүруге, ақша жұмсауға, кезекте тұруға мәжбүр. Ауыл тұрғындарының жоғары технологиялық және мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізу мәселелерін шешу қажет. Ауылдағы денсаулық мәселесі түбегейлі реттеуді қажет етеді. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы мақұлданды.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

KUNDELİK.KZ: БІЛІМ БАЗАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР ҚОРҒАЛҒАН БА?



Жақында Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров kundelik.kz байланысты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсеноваға және Бас Прокурор Берік Асылқовқа депутаттық сауал жолдаған еді. Сауал мазмұны «күштеп» енгізілген «Күнделік» жасанды шетелдік монополия, қазақстандық оқушының жеке мәліметтерін жинау, сақтау және өңдеу қызметінің тиісті деңгейде қадағаланбауы, платформадағы этика мен ұлттық дәстүрге жат, сананы ұлайтын, жалаңаштанған, нәпсі мен ойын жарнамасының қаптауы жайында болды. Сауалға өкілетті органдардың жауабы да шықты. Депутат көтерген мәселенің өзектілігі мен құзырлы тараптың жауабы қандай? Күнделік жыры қашан, қалай шешіледі? Отандық мамандар бәсекеге қабілетті күнделік платформасын қашан жасайды?

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҚАЗАҚСТАН – ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕН ЕЛ

Нәзік жандыларға қатысты зорлық-зомбылық – адам құқығын бұзудың ең көп таралған түрі. Сондықтан БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 1993 жылы 20 желтоқсанда Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы декларация қабылданған болатын. Жыл сайын 25 қарашада әлем елдері Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою бойынша халықаралық күрес күнін атап өтеді.

2000-2018 жылғы көрсеткіштер және Вашингтон университетіндегі Денсаулық жағдайын бағалау институтының (IHME) деректерін пайдаланған Экономикалық зерттеулер институты «жақын серіктестің зорлық-зомбылығы» индикаторы туралы талдауын жариялады. Қазақстанның көрсеткіші (5,36 %) Орталық Азияның өзге елдерінен төмен болғанымен, рейтингке енген 169 елдің ішінде 25-ші орында тұр. Ал Түрікменстан 54-ші (7,44%), Өзбекстан 57-ші (7,79%), Тәжікстан 95-ші (11,84%), Қырғызстан 105-ші (13,06%) орында. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің үлесі ең төмен елдер тізіміндегі алғашқы бестікте

АҚШ (2,64%), Словения (2,99%), Польша (3,20%), Австралия (3,20%), Испания (3,46%) орналасқан.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, зорлық-зомбылыққа қатысты елімізде 2017 жылы 119 608, 2018 жылы 115 285, 2019 жылы 96 750, 2020 жылы 63 447, 2021 жылы 61 464 жағдай тіркелген. Мәселен, 2021 жылы аймақтар арасында бұл жағдай Шымкент (11 685), Астана (6456) қалалары мен Алматы облысында (5 980) көп тіркелді. Ең азы Маңғыстау (1080), Қызылорда (1322), Атырау (1519) облыстарында орын алды.

Позитивті статистикалық динамикаға қарамастан, Мемлекет басшысы бұл мәселені 2022 жылғы жолдауында ерекше атап өтті. Атап айтқанда, 16 наурыздағы жолдауында: «Бүгінде азаматтар мен қоғам белсенділері әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатайту қажеттігін жиі айтып жүр. Мен бұған дейін мұндай құқықбұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың орынды не орынсыздығын анықтау туралы нұсқау бергенмін. Бас прокуратураға бұл мәселені жан-жақты зерделеіп, біржола шешуді тапсырамын», – деген еді. Ал

одан кейінгі жолдауында: «Отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек», – дегенді айтты.

Осылайша, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатандату туралы түзету енгізілді. Оған сәйкес, қазір «Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру» бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының ұрып-соғу және азаптау туралы арызы талап етілмейді. Хаттама жасау үшін куәгер, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камерасының жазбасы жеткілікті. Зардап шеккен тараппен татуласу мүмкіндігі агрессорға бір рет қана беріледі. Бұзақылық қайталанса, татуласуға жол берілмейді. Бұдан басқа, қамауға алу мерзімі ұлғайтылып, отбасылық агрессорды қоғамдық жұмысқа тарту мәселесі қаралуда.

Жалпы, заңнамаға сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың төрт түрі бар: физикалық,

жыныстық, психологиялық және экономикалық. Олардың түрі мен дәрежесіне қарай жазасы да әртүрлі. Мәселен, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеті Қылмыстық кодекстің 121-бабында қарастырылған. Оның 1-тармағында күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жәбірленушіге немесе басқа адамдарға жасалған сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге 5 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. 2-тармағы бойынша, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; өлтіру қатерін төндірумен ұласқан, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалған; жәбірленушінің сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соққан; бірнеше рет жасалған; адам қызметтік міндетін орындау кезінде жасаған дәл сол іс-әрекеттерге 9 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КЕҢЕС

АҚТАУ ҮКІМДЕРІНІҢ САНЫ АРТТЫ

Атырау облыстық соттарының биылғы 9 айда атқарған жұмысын қорытындылау мақсатында кеңейтілген кеңес өтті. Оған облыстық сот төрағасы Мұхтар Парменов, облыстық соттың алқа төрағалары мен судьялары, Соттар әкімшілігі департаментінің басшылығы, қалалық және аудандық сот төрағалары мен судьялары қатысты.

Жиынды ашқан облыстық сот төрағасы алдымен ұжымға жаңадан тағайындалған судьяны таныстырды. Ел Президентінің Жарлығымен Амантай Әсел Амантайқызы Атырау қалалық сотының судьясы қызметінен босатылып, Атырау облысы кәмететке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы лауазымына тағайындалды. М.Парменов судьяны тағайындауымен құттықтап, қызметіне сәттілік тіледі.

Кеңес барысында алқа төрағаларының 2023 жылдың 9 айындағы жұмыс қорытындысы бойынша баяндамасы тыңдалды.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Тәтті Уалиева соттарға түсіп, аяқталған қылмыстық істердің, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалар санының, ақтау үкімдерінің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер санының артқанын атап өтті. 9 айда облыс соттары 1 201 тұлғаға қатысты 928 істі қаралды, оның ішінде 834 тұлғаға қатысты 637 іс үкім шығарумен аяқталып, 800 тұлға сотталды, 34 тұлға ақталды. Медиатордың қатысуымен 18 қылмыстық іс қаралды (11,5%).

Апелляцияда 240 тұлғаға қатысты 174 іс қаралды, сотталған, ақталған тұлғалар есебінен 30 тұлғаға қатысты 10 үкімнің күші жойыл-



ды (2,9%), 21 тұлғаға қатысты 16 үкім өзгертілді (2%). Облыс соттары 11 866 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарады. Апелляциялық сатыда 244 әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қаралып, нәтижесінде 24 қаулының күші жойылып, 11 қаулы өзгертілді (0,3%). Медиацияны қолданумен 555 іс қаралды (33,3%).

Азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Мәтен Ерғазиев облыс соттарына келіп

түскен талап қоюлар санының және татуластыру рәсімдерін қолданумен аяқталған істер санының артқанын атап өтті. Есепті кезеңде 10 241 азаматтық іс қаралып, оның ішінде 5 793 іс бойынша шешім шығарылған. Татуластыру рәсімімен аяқталған істер саны 1 289 істі құрады. Сотқа дейінгі хаттаманы қолданумен 791 іс қаралды. Апелляциялық тәртіпте 578 іс қаралды, оның ішінде 45 сот актісінің күші жойылып (0,8%), 72-сі



өзгертілді (1,2%). Азаматтық істер бойынша облыс соттары 86 жеке ұйғарым шығарған.

Әкімшілік істер жөніндегі алқа төрағасы Анаргүл Салихова әкімшілік әділет жұмысы туралы ақпарат беріп, әкімшілік істер бойынша талап арыздар санының артқанын айтты. Есепті кезеңде 701 әкімшілік іс қаралды, оның ішінде шешім шығарумен 264 іс қаралған. Қанағаттандырылғаны – 184 (69,7%), қанағаттандырудан бас тартылғаны – 80 (30,3%).

Апелляциялық алқа 221 әкімшілік істі қараған, бұл бірінші сатыдағы сотта аяқталған істер санының 31,5%-ын құрады. Татуластыру рәсімімен 91 әкімшілік іс қаралды (11,5%). Әкімшілік істерді қарау нәтижесі бойынша 23 ақшалай өндіріп алу қолданылып, 27 жекеше ұйғарым шығарылды. Кеңес барысында аудандық және қалалық сот төрағаларының баяндамалары тыңдалды.

Жұмысты қорытындылай келе, облыстық сот төрағасы М.Парменов қоғамның сот төрелігіне деген сенімін арттырудың маңызын атап өтті. Сот төрағаларына ескертулер бере отырып, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша жұмысты жандандыруды, сот актілерінің сапасын арттыруды, істерді қарау мерзімін кешіктіруге жол бермеуді, заңнама талаптары мен әдеп нормаларын қатаң сақтауды талап етті. Алқа төрағаларына жұмыс сапасын жақсарту бойынша жеке тапсырмалар берді.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ПАЙЫМ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ СЕЗІНДІРГЕН ҚҰЖАТ

Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Өткенді ұлықтамай, болашақты баянды ету мүмкін емес. Сондықтан тарихты білуге, тарихты түгендеуге үнемі көңіл бөліп отырған орынды. Осы ретте тәуелсіздікті сезіндірген, егеменді ел атанғанымызды алғаш түйсіндірген «Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның» Қазақстан жылнамасында алар орны ерекше.

Айтулы құжат 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы негізінде қабылданған болатын. Ел тәуелсіздігін құжат жүзінде қаттап, рәсімдеудің алғашқы бастамасы болған декларация мемлекет басшыларының сын сағатта қабылдаған тағдыршешті іс-әрекетінің нәтижесі. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде декларация жобасын таныстырған Нұрсұлтан Назарбаев: «...біз Декларациядан республикадағы ұлттық мемлекеттілік мәселесін ғана емес, сонымен қатар қазақ халқы туралы сөздерді де алып тастағысы келетіндермен келісе алмаймыз. Бізді бұл жағдай КСРО-ның басқа ұлттарымен тең емес жағдайға түсіреді әрі бұны қазақ халқы дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. Одақтас республикалардың осыған ұқсас декларацияларының кез келгенін алыңыз – барлық жерде ұлттық мемлекеттілік туралы ереже бар. Бұл тезисті біздің құжаттан тек республика аумағындағы қазақ халқының саны басым емес деген сылтаумен алып тастау саяси тұрғыдан дұрыс емес.

Қазақ халқы өзінің бүкіл тарихында интернационализм идеяларын ұстанатынын дәлелдеп, өздеріне деген мұндай көзқарасқа лайық емес еді», – деді. Осының өзі тәуелсіздікке қатысты іс-шаралардың оңайлықпен жүргізілмегенін, кедергілердің көп болғанын, ел басындағы азаматтардың халық игілігі үшін жан аямай еңбек еткенін көрсетеді. Тарих беттерін парақтағанда, Тәуелсіздік Декларациясына сырттай дауыс берген депутаттардың 261-і қолдағанын, 18-і қарсы шығып, 2 адамның қалыс қалғанын, бір депутаттың дауыс бермегенін көруге болады. Дауыс беру нәтижесі бойынша Жоғарғы Кеңес «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясын қабылдағанымен, дауыс берудегі ала-құлалық Қазақстанның өз бетінше егемен ел болуына іштей қарсылықтың болғанын, елдің келешегіне сенбеудің орын алғанын анық аңғартады. Бірақ, тәуелсіз ел атанған отыз жыл ішінде бұл күдік-күмәннің келмеске кетіп, Қазақстанның әлемдегі танымал, іргелі, бейбітшіліксүйгіш мемлекет ретінде қалыптасқанына баршамыз куәміз.

Міне, сол уақыттан бері 25 қазан Республика күні ретінде аталып өтіледі. Алайда арада біршама жыл бұл күн мерекелік статусынан ажырап қалған еді. Республика күнін ұлттық мереке ретінде қайта түлету туралы ұсыныс Ұлттық құрылтай кезінде айтылғаны есімізде. Жалпы, ел өміріндегі айтулы оқиғаларды бірден тарихымыздан сызып тастауға болмайды. Мұндай маңызды күндер ел тарихын қалыптастыру, халықты біріктіру үшін керек.

А.ТІЛЕПОВА,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КӨЗҚАРАС

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК

Мемлекеттік тілдің мәртебесі мемлекеттік рәміздермен теңдей. Сондықтан рәміздерге қалай құрметпен қарасақ, мемлекеттік тілдің мәртебесіне де сондай жауаптылықпен құрмет көрсетуіміз керек. Осы тұрғыда қазақтың ардақты ұлы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген сөзінің астарында үлкен мән бар. Яғни, ұлы ағартушы ұлттың ұлт болып қалыптасуы мен ұлт болып қалуының басты ерекшелігі оның тілінде екенін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен жеткізіп, ұрпаққа аманат етіп отыр. Бұл сөз бәріміздің жадымызда жаңғырып тұруы тиіс.

Біздің елімізде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі Ата заңымызбен, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңымен бекітілген. Қазақ тілін қажет тілге айналдыруды мақсат еткен елдегі шаралар бүгінде осы құжаттарға сүйене отырып атқарылууда. Соның ішінде отандық сот жүйесі де бар.

Қазір қай сотқа барсаңыз да, арыз-шағымдар мен құжаттардың үлгілері қазақ тілінде жазылып, нұсқаулықтар, үлгілер, заңдық түсіндірмелер тек мемлекеттік тілде беріледі. Кеңес мамандарының қазақ тілін жетік білуі жіті назарда. Соттағы тренинг, дәрістер, қоғамдық қабылдаулар да мемлекеттік тілде өтеді.

Соттың шығыс құжаттары толықтай қазақ тілінде жүргізілетінін де айта кетуіміз керек. Ал сот қоржынына түскен сұраныс хат, сауалдар қай тілде берілсе, сол тілде жауап қайтарылады. Мұның бәрі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде сот тарапынан ауқымды істердің атқарылып жатқанын көрсетеді. Алайда тілдің

қолданысына қатысты әлі де шешімін күткен мәселелер бар. Бірақ оны тек сот, прокуратура, құқық қорғау органдарының күшімен реттеу мүмкін емес. Шын мәнінде, мемлекеттің қазақ тілінде «сөйлеуі» халықтың қалауына, ниетіне баланысты.

Мысалы, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында, Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 738-бабында Қазақстанда азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тілі қазақ тілінде, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылатыны көрсетілген. Осылай нақты дәйектеліп тұрғанымен, азаматтар әлі күнге дейін сотқа орыс тілінде шағымданады. Соның салдарынан сотта қаралатын істердің дені орыс тілінде.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 2021 жылдың 1 шілдесінен

бастап осы күнге дейін 3588 әкімшілік іс келіп түскен. Соның ішінде мемлекеттік тілде тек қана 525 іс қаралған. Сонымен қатар, қоғамда азаматтар және заңгерлер арасында тіл мәселесіне қатысты түрлі пікір қалыптасып, оның ішінде республика заңдарының басым бөлігі бірінші орыс тілінде жазылып, сосын қазақ тіліне аударылатыны туралы айтылған пікірлер көңілге кірбің ұялатады. Себебі айтылып жүрген пікірдің кейбірі іс жүзінде өз дәлелін тауып жатады. Сот ісін жүргізу барысында да оған куә болып жатамыз, кейбір заңда норма-ның орысша нұсқасы дұрыс жазылса, қазақ тіліндегі нұсқасында қарама-қайшылық орын алатын жайттар жоқ емес.

Бір мысал келтіретін болсақ, Азаматтық процестік кодекстің 164-бабының 1-бөлігі 2-абзацына контент талдау жасасақ, қазақша нұсқасында былай делінген: «Алименттерді өндіріп алу туралы, денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты істерден басқа, аса күрделі істер бойынша айрықша жағдайларда және еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша істі сот талқылауына дайындау үшін берілген мерзім өткеннен кейін бұл мерзім судьяның ұйғарымы бойынша қосымша бір айға ұзартылуы мүмкін». Ал орыс тіліндегі нұсқасында болса: «В исключительных случаях по делам особой сложности, кроме дел о взыскании алиментов, о возмещении вреда, причиненного повреждением здоровья, а также по случаям потери кормильца и по требованиям, вытекающим из трудовых правоотношений, по истечении срока, предоставленного для подготовки дела к судебному разбирательству, этот срок

может быть продлен дополнительно на один месяц по определению судьи». Қазақ тіліндегі нұсқасында аса күрделі істер бойынша және еңбек құқықтық қатынастардан туындайтын талаптар бойынша сот талқылауына дайындау мерзімі 1 айға ұзартылуға болатынын байқаймыз. Ал орыс тіліндегі нұсқасында тек аса күрделі істер бойынша айрықша жағдайда 1 айға ұзартылуға болатынын көрсеткен, яғни еңбек құқықтық қатынастардан туындаған даулар бойынша дайындық мерзімі 1 ай ұзартуға жатпайды.

Кез келген мемлекеттік орган өз қатарына қазақ тілін жетік білетін, мемлекеттік тілде еркін қызмет көрсете алатын мамандарды тартуға тырысады. Сот саласындағы кеңес қызметіне кадр таңдауда үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгеруі – басты талап. Сонымен бірге, судьялықтан үміткерлердің де қазақша тек түсініп қоймай, өз ойын еркін жеткізе білуі де маңызды. Өйткені әділдік алаңында адам тағдыры таразыға түседі. Ал заң тілінде әрбір әріп тұрмақ, әрбір тыныс белгісінің маңызы ерекше. Қазақ тілі сияқты бір сөз бірнеше мағына беретін бай тілді жетік меңгермей, мемлекеттік тілдегі істерді дұрыс саралап, әділ төрелік айту мүмкін емес.

Сан мыңдаған жыл бойы сақталып келе жатқан тарихы бар тәуелсіз еліміздің тілін ұмытуға жол бермеуіміз қажет. Тіліміз жойылса, онымен қоса ұлтымыз және ұлттық құндылығымыз да жойылатынын саналы түрде ұғынуымыз тиіс.

Арай ЖАНАДИЛОВА,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

KUNDELİK.KZ: БІЛІМ БАЗАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР ҚОРҒАЛҒАН БА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жасанды монополия

Ерлан Саиров «Күнделік» платформасы Қазақстанның барлық мектебіне күштеп енгізілген деген пікір айтты. Депутат дерегіне, электронды қызмет көрсете алатын бір емес, бірнеше отандық компанияның болуына қарамастан, сол кездері құзырлы орган ешқандай іріктеу мен байқаусыз, 4 миллион оқушы дерегіне, электронды платформа керек желеумен ресейлік компанияға беріп жіберген. Нәтижесінде, бұл салада шет елден басқарылатын қолдан жасалған монополия пайда болғанмыс. Дегенмен ресми жауап «монополия жоқ» деді.

Мәселеге қатысты Бас Прокурор құзырлы органдардан жауап алып, келесідей мәлімет берді: «Қазіргі уақытта мемлекеттік мектептерде төрт білім беру платформасы қолданылады: «Күнделік», «Edus mektep», «Bilim All», «Bilim class». Тісінше, білім беру платформаларының балама нұсқалары бар». Яғни біздің елде аталмыш сала бойынша монополия бар дегуге келмейді. Нақтылық үшін аталған платформаның барлығының функционалдылығын тексеру үшін кіріп көрдік. Бақылау барысында бәрі жұмыс жасайтынына және ақпарат күнделікті жаңартылатынына көз жеткіздік», – деді.

«Күнделік» жобасының бас директоры Мұхтар Ильясовтың айтуынша, инвесторлар жаңа жүйені жасап бергені үшін мемлекеттен мүлде ақша алмаған. Жоба өзін 11 жылда ақтап алады екен. Министрліктің бұл жобаны мақұлдап, жаппай енгізуінің негізгі мақсаты мұғалімдерді қағаз толтыру «азабынан» арылтып, Қазақстанда сандық білім беру жүйесін қалыптастыруға саяды.

Дегенмен Мұхтар Ильясов әріптестерімізге эксклюзивті сұхбат берсе отырып, «Күнделік» компаниясының бір бөлігі ресейліктерге тиесілі екенін растаған.

«Әрине, әуел бастан «ЖШС Күнделік» қазақстандық компаниямыз десек те, біздің компанияның 45 пайызы Ресейдің «Дневник.ру» компаниясына тиесілі. Яғни, жобаның «жүрегі», негізін әзірлеген адамдар – ресейліктер. Ал, әдістемелі, үш тілдегі жұмысты, академиялық бағалау жүйесін, сабақтардың санын енгізген өзіміз. Ресейде бұл бағдарламаны 150 адам жасап отыр, оның ішінде оншақты адамды бізге көмектесуге берген. Ал, Қазақстан тарапынан жобада он екі адам – есепші, заңгерлер мен операторлар жұмыс істеп отырмыз», – дейді Мұхтар Ильясов.

Десек те, Дневник.ру – өзін дәлелдеген әлемдік білім беру саласындағы үздік ондыққа кіретін ІТ компания. «Электрондық білім беру және оқыту» номинациясы бойынша БҰҰ және ЮНЕСКО-ның бұл компанияны марапаттауы бекер емес. Мәселені зерттеу барысында Дневник.ру компаниясы өз жұмысын 2007 жылы бастап, аталмыш жобаны Ресейде 2014 жылы іске асырғанын білдік. Әлемдік эксперттердің оң бағасын алған компания Шығыс Еуропа, ТМД, Азия елдеріне электронды оқыту жүйесін құруға атсалысқан екен.

Оқушылардың жеке деректерінің қауіпсіздігі қалай?

Алайда мәжілістен Саиров «Күнделік» біздің балаларымыздың жеке мәліметтеріне қол сұғып, рухани келбетіне кері әсер ететін, ұлттық қауіпсіздіктің тамырына балта шабуға қабілетті терең проблема! – деп платформа басшылығына ауыр айып тақты.

Әлемнің Google, Meta сынды алпауыттарының өзі қолданушылардың жеке деректеріне қатысты көп сынға ұшырайтынын бәріміз білеміз. Тіпті Facebook компаниясының Meta боп ребрединг жасауына да біржағынан тұтынушылар дерегіне қатысты даулар әсер еткен болатын. Десе де Саировтың алаңдауы орынды. Депутаттық сауалға қатысты Тамара Дүйсенова «Күнделік» платформасы Ұлттық

қауіпсіздік комитетінің қауіпсіздік талаптарына сәйкес екенін жеткізді.

Сонымен қатар «Күнделік» ақпараттық жүйесі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілер жүйесі болып табылғандықтан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тоқсан сайынғы тексерулері мен рәсімдерінен өтетінін қоса атап кетті. Жалпы депутат сауалы бойынша, тексеріс жүргізген Ұлттық экономика министрлігі, уәкілетті орган ретінде жобаға салалық сараптаманың оң қорытындысын берді. Бірақ «сақтықта қорлық жоқ» демекші, депутат сауалы орынды, соған сай алдағы уақытта құзырлы органдар заң бұзушылықты болдыра қоймас деп сенеміз.

Дегенмен алда-жалда оқушылардың жеке деректері қолды болып кететін болса, Әкімшілік құқық бұзушылықтың 79-бабына сәйкес, жеке деректерді қорғау шараларын сақтамағаны үшін «Күнделік ЖШС» жауапкершілікке тартылатын болады. Ірі кәсіпкерлік субъектісіне 1 мың АЕК (1 АЕК – 3450 теңге) көлеміндегі ең жоғары айыппұлды қарастырған. Сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексінің 147 және 211-баптары бойынша жеке мәліметтерді жария еткені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылып, жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы берілуі мүмкін.

Этикаға

жат жарнама

Депутат Саировтың этикаға жат жарнама деп көтеріп отырған мәселесі ағымдағы жылдың 11 мамыр күні БАҚ беттерінде тараған «Күнделік» қолданушысының платформадан көрген «Google Play сервисіндегі 18+ ойындар» жарнамасы еді. Мәселе қоғамда резонанс тудырып тұнды. Дегенмен «халық адамы» мәселенің шындығын жетпеген секілді. Тіркеген фактіге қатысты Kundelik.kz сайтының әкімшілігі сайттың жарнамалық тетіктеріндегі қателіктер мен техникалық ақауларға ішкі тексеру жүргізді. Нәтижесінде платформада Google Play сервисінің жарнамалары жарияланбайтындығы, ал аталмыш жарнама қолда-

нушы браузеріндегі бөгде вирус не плагииннен келуі мүмкін екендігі хабарланды. Оның үстіне 2023 жылдың 1 наурызынан бастап 1-11 сынып оқушылары үшін Яндекс пен Google жарнамалық желісі өшірілгені туралы да айтылды. Ал Бас прокурор Асыллов берген ресми жауап бойынша, «Күнделік» АЖ жұмыс істеуіне қатысты, оның ішінде жарнаманы тарату мәселелері бойынша Бас прокуратураға қандай да бір шағымдар мен арыздар түспеген. Нақтылық үшін біз де сауалнама өткізіп көрдік. Ауызша сауалнамаға қатысқан 5 мұғалім, 10 ата-ана, 40 оқушы платформадан этикаға жат жарнаманы бұған дейін көрмегендерін жеткізді.

Жалпы, бұндай дау көрші Қырғызстанның электронды күнделігі «Күнделуік» платформасында да туындаған еді. 18+ жарнаманың ара-тұра жылтың ететінін жауапты компания да мойындаған. Қырғыз ағайынның платформасы біздегідей шет елдік емес, өз өнімдері. Ал түйтілге қатысты «Күнделуік» авторлары жоба мемлекет тарапынан қаржыландырылмағандықтан, оны жарнама арқылы қолдауға мәжбүр екендіктерін жеткізген еді. Платформа оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға пайдалануға тегін, ал жарнама қаражаты қызметкерлердің жалақысы мен серверге қызмет көрсетуге жұмсалған.

«Жарнама қатты мазаламайды, бірақ қаласаңыз, оны бар болғаны 50 сомға бір жылға өшіре аласыз», – дейді компания өкілдері.

Бізде де жағдай соған ұқсас. Жарнамаға қатысты депутаттық сауалға Тамара Дүйсенова жазбаша түрде «Күнделік» ақпараттық жүйесі ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен «Күнделік» ЖШС арасында жасалған Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты негізінде жұмыс істейтінін жеткізді. Ал Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының 15-бөлімінің 1-тармағына сәйкес «Күнделік» ЖШС Қазақстан Республикасының заңнамасында «белгіленген шектеулерді» ескере отырып, «Күнделік» платформасында меншік иелері жарнамалық ақпаратты орналастыруға құқылы екенін айтты.

Негізі «Күнделік» ЖШС мен мемлекеттік келісім 2030 жылға дейін жасалған. Жалпы депутаттың реніші отандық жүйе мен қазақстандық мамандар тұрғанда шетелге неге жалтақтанды дегенге саяды. Әрине, қынжылыс орынды. Дегенмен пандемия кезінде тез әрі сенімді платформа керек болған соң ресейлік «Дневник.ру» платформасынан ыңғайлы шешім болмағаны анық. Оның үстіне компания артында қаншама жыл тәжірибе мен жақсы кейс жатыр. Бірақ еңсені түсірудің қажеті жоқ. «Күнделік» деңгейіне өзге де қазақстандық платформалар теңесіп қалар. Не десек те, ендігінің бәрі уақыт еншісінде.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

КЕСЕНЕНІ ЖАРМАҚ БОЛҒАН АЗАМАТ ЖАЗАСЫН АЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның Мәдени мұралар тізіміне енген Қазақстандағы алғашқы нысан. Ол XIV ғасырдың аяғында салынған Орталық Азиядағы ең үлкен тарихи-мәдени ескерткіш.

Бүгінде тұтас түркі әлемінің рухани астанасы, туристік орталығына айналған Түркістанда саяхатшылар аялдайтын ең басты нысан. Кесене өз тарихында талай қилы кезеңдерді, жаугершілік пен басқыншылықты бастан кешірді. Бірақ алты ғасырды артқа тастап, ол осы заманға өзінің тарихи құндылығын жоймай жетті.

Тарихшылардың айтуынша, Қазақ мемлекеті дүниеге келген XV ғасырдан бастап XIX ғасыр басына дейінгі уақыт ішінде ел тағдырын шешетін елеулі мәселелердің бәрі де осы нысанда талқыға салынған. Әзірет Сұлтан кесенесінде қазақтың 21 хан, сұлтан, кеменгер би, ержүрек батыр, ғұлама ғалымдары жерленген. Ал осындай сәулет өнерінің жауһары саналатын киелі нысан ниеті бұзықтардың қаскүнемдік әрекетінен қаншалықты қорғалған? Соңғы жылдары қалыптасқан жағдай осы мәселе төңірегінде ойлануға мәжбүр етуде.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті биыл Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесінде және Астанада террорлық әрекеттердің алдын алды. Бұл туралы қыркүйектің басында ҰҚК төрағасының орынбасары Руслан Сейсембаев Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық терроризмге қарсы құрылымының 40-кеңесінің ашылуында айтқан болатын.

«Биылдың өзінде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде дайындықтың бастапқы

кезеңінде болған, қолдан жасалған жарылғыш құрылғымен жасалатын жарылыс, сондай-ақ, Астанадағы жұрт жиналатын орындарындағы қарулы шабуыл тоқтатылды», – деді ол. Жуырда Түркістан облыстық мамандандырылған қылмыстық істер жөніндегі соты елді дүрліктірген осы іс бойынша үкім шығарды.

Сот үкіміне қарағанда, кесенеде террорлық акті жасамақ болған Хусан Пардаев деген Тәжікстанның Хатлон облысының тұрғыны. Жасы 22-де. Бұрын сотты болмаған.

Биыл ақпан айында ол интернет арқылы түркістандық Әмина есімді қызбен танысып, өзара сөйлесіп жүрген. 20 ақпанда Ресей арқылы Қазақстанға өтіп, Түркістанға келген. 21 ақпанда ол түске дейін Әминамен Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңындағы паркте жолығады.

Х.Пардаев зиярат етіп келген адамдардың кесенеге сыйынып, оның қабырғаларын алақандарымен ұстау арқылы беттерін сипап, Алладан тілектер сұрап жатқанын көрген. Ол адамдардың бұл іс-әрекеттері Аллаға серік қосу, сондықтан кесененің аумағында жарылыс жасап, өрт шығарып, кесенеге келген халықты үрейлендіру арқылы, олардың кесенеге сыйынуын тоқтату керек деген ойын қасындағы Әминаға айтқан.

Ал Әмина Х.Пардаевтың басқа ағымда екенін сезіп, сол күні түс қайта ҰҚК-ның Түркістан

облысы бойынша департаментіне хабарлаған. Департамент қызметкерлері терроршыны ұстау операциясына кіріскен. Х.Пардаевтың діни көзқарасын анықтау және бекіту мақсатында, Әминаның ағалары ретінде «Али» және «Абдурхман» есімді азаматтар қылмыстық ортаға енгізілген. Олар Х.Пардаевпен кездескен. Кездесу барысында Пардаев оларға Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жарылыс жасау, содан кейін Түркияға, одан ары Шам жеріне кету, сондай-ақ Алла жолында шахид болу жоспарын айтқан. Бұдан кейін ол ютуб арқылы жарылғыш құрал жасаудың жолдарын үйрететін видеоларды көрсеткен. Осы видеодағы нұсқау бойынша олар жарылғыш заттар жасайтын құралдарды, материалдарды сатып алған.

Пардаев 27 ақпанда түнгі мезгілде, қонақ үйде жатқан жерінде тұтқындалған. Қонақ үйдің бөлмесіне айғақтық зат ретінде жарылғыш жасауға қажетті заттар алынған. Сотта Х.Пардаев тағылған айыпты толық мойындамай, шын мәнінде ешқандай ғимаратты жаруды жоспарламағанын алға тартады. Енді бірде Әминаға ұнау үшін осындай әрекетке барғанын айтыпты. Сот Пардаевқа 11 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Мұндай жағдайлардың алдағы уақытта да қайталанбасына кім кепілдік бере алады? «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы басшыларының айтуынша, қазіргі уақытта кесенеде қауіпсіздік мәселесін күшейту қолға алынууда. Бұған дейін нысанды күзетумен жекеменшік ұйымдар айналысса, енді ол толығымен мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің құзырына көшеді. Кесененің аумағы арнайы қондырғылармен бақыланады.

Бекбол ҚАЛДЫБЕК

ДОДА

Республикалық Судьялар одағының бастамасымен ұйымдастырылған X спартакиада да өз мәресіне жетті. Еліміздің әр түкпірінде төрелік етіп жүрген әріптестерді спорт алаңында біріктірген бұл шараның біз үшін маңызы зор.



СПАРТАКИАДА - СУДЬЯЛАР БІРЛІГІН НЫҒАЙТАДЫ

Карантинге байланысты біраз уақыт үзіліп қалған спартакиаданы судьялар қауымы асыға күткен еді. Себебі 2013 жылдан бері үздіксіз ұйымдастырылған спартакиада пандемия кезінде бес жылды өтпей қалған болатын. Жалпы бұл спорттық доданың артықшылығы аз емес. Ең алдымен спорттық дода аға буын мен кейінгі буын арасындағы алтын көпірді жалғаушы рөлін атқарады. Спортта шекара жоқ. Алаңда табысқан қазылар спартакиада құрдасындай жақын, досындай тату етті. Екінші бір жақсы қыры – сауалауатты өмір салтын қалыптастырып, судьяларды спортпен шұғылдануға ықпал етеді. Спартакиада спорттың 8 түрі бойынша өтеді. Соны білетін әріптестеріміздің осы спорт түрлеріне ден қойып, арнайы жаттығу жасап жүргендерін естіп риза болдық.

Үшінші артықшылығы – спартакиада командалық рухты оятады. Әрбір судья өзі қызмет еткен соттың мерейін үстем етіп, жеңімпаздар қатарына қосу үшін барын салады. Өзімен қоса, айнала-сындағы әріптестерін де спортпен айналысуға қамшылайды. Сонымен қатар, спартакиада республиканың әр өңірінен келген қазыларды бір мақсатқа, бір ортаға топтастырып, ұйымшылдығын еселеуімен де құнды болып отыр.

Көктемде республиканың төрт өңірінде өткен іріктеу жарыстарында Алматы облысының командасы бірнеше спорт түрінен үздік деп танылып, Түркістандағы финалдық ойындарға жолдама алған еді. Бұл шараны өткізу міндеті жүктелген Түркістан облыстық соты спартакиаданы жоғары деңгейде ұйымдастырды. Тұрысбек Миятбеков жетекшілік ететін түркістандық судья-



лар қонақтарды жолдан тосып алып, жайлы орындарға орналастырудан бастап, әр сайысты биік деңгейде, әділ, сапалы өткізуге барын салды.

Жарысқа әр өңірден келген жүйріктердің айрықша дайындалғаны аңғарылады. Алайда, «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» дегендей жарыста бағы жанғандар мен бабы келіскендер жеңіс тұғырына көтерілді. Соның ішінде Алматы облыстық соттарының судьяларын бастап барған төрағамыз Еліс Әбдіқадыров шахматтан 1-орынды иеленіп, командалық рухымызды көтеріп тастады. Ал волейболдан барған команданың 3-орынға табан тіреді. Қонаев қалалық сотынан осындай маңызды жарысқа төрт судьяның қатысуының өзі біздің әріптестердің спортқа жақын екенін аңғартса керек.

Спартакиадаға қатысуға негізгі мақсат жеңу емес, ел спортының дамуына үлес қосу, әріптестер арасындағы ұйымшылдықты арттыру. Судьялардың көңілінен шыққан жақсы іс алдағы уақытта да жалғасын тапса деген тілегіміз бар.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қонаев қалалық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БЕРЕКЕ КӨЗІ – БІРЛІКТЕ

2022 жылғы 29 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұйрығымен Республика күні 25 қазанда аталып өтілетін болды.

Бұл күннің ерекшелігі неде? 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Тарихи құжатта республикамыздың егеменді мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері алғаш рет сараланды. Декларацияның қабылдануы 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауға мүмкіндік берген негізгі қадам болды. Осылайша, қазірдің өзінде декларацияның бірінші тармағында Қазақ КСР-нің Одақтан еркін шығу құқығын сақтайтыны белгіленген.

Декларацияның екінші абзацында мемлекеттілік бекітілді. Үшінші абзацта республиканың аумақтық тұтастығы көрсетілген. Декларацияның төртінші абзацында Қазақстан халқын барлық ұлт өкілдері республика азаматтары құрайтыны және олар егемендіктің бірден-бір ұстаушысы және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылатыны айтылады. Осылайша, дәл осы декларацияда ұлттық мемлекеттілік, егемендік, теңдік, демократиялық, аумақтық тұтастық және шекаралардың бөлінбеушілік принциптері алғаш рет нақтыланды.

Дәл декларацияның нормалары мен ережелері негізінде 1991 жылғы 16 желтоқсанда «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Конституциялық заңның 1-бабында Қазақстан тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жарияланған. Ол өз аумағында толық билікке ие, ішкі және сыртқы саясатты өз бетінше анықтайды және

жүргізеді. Ал 5-бапта Қазақстанның қолданыстағы шекараларының аумағы біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғылмайтындығы көрсетілген.

18-бапта «Бұл заң Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациямен бірге Республиканың жаңа Конституциясын әзірлеуге негіз болып табылады» делінген. Осылайша, декларация еліміздің тәуелсіздігін айқындаған негізгі тарихи құжаттармен қатар тұр.

Бүгінгі таңда халықаралық жағдайдың тұрақсыздығы мен жаһандық экономикалық құлдырау жағдайында Қазақстан халқы үшін ортақ құндылықтарымызды қорғау маңызды. Бұл – республиканың ішкі татулығы мен келісімі, заң үстемдігі, ұлттық егемендігі мен тәуелсіздігі принциптері. Осы негізгі қағидалардың барлығы ҚР Конституциясында бекітілген. Конституциямызға сәйкес, ҚР өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Сондықтан көп жылдардан кейін Республика күнін тағы да тойлауымыздың символдық мәні бар.

Бүгін қоғамымыз Жаңа Қазақстан дәуіріне қадам басуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдамасы – жаңа, әділ Қазақстанды құрудың негізгі элементі. Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз үлкен жолды өткерді. Бүгінгі таңда Қазақстан – халықаралық аренада танымал, гүлденген және қалыптасқан мемлекет. Еліміз үнемі халықаралық форумдар, конгресстер, көрмелер өтетін орынға айналып, шетелдік инвесторларды тартады.



М. ТОЙБАЗАР, Қостанай қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

Сондай-ақ Қазақстан – цифрлық технологияларды дамыту және оларды күнделікті ортаға біріктіру бойынша көшбасшы ел. Бұл жетістіктердің барлығы – тәуелсіз, егемен Қазақстанның мақтанышы.

Енді еліміздің алдында Мемлекет басшысының жолдауында белгіленген жаңа мақсаттар мен міндеттер тұр. Бүкіл қазақ қоғамы мемлекеттігіміздің төңірегіне топтасу керек. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында: «Біз сызықтарды бөлуге емес, керісінше, ауқымды мақсаттарға жету үшін шоғырлануымыз керек. Жаңа әділ Қазақстан идеясының терең мағынасы да осында. Біздің алдымызда ерекше маңызды міндет – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау тұру. Мемлекеттігімізді одан әрі нығайту үшін бірлік керек. Басқа амал жоқ», – деді. Халықтың бірлігімен Республика күнін мерекелеу қоғамымызды одан әрі біріктіруге, егемендігімізді қорғаудағы және тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін мақтанш ету жолындағы жігерімізді нығайтуға көмектеседі деп ойлаймын. Біз бірігіп қана Жаңа Қазақстанды құра аламыз!

Егемендік декларациясы қабылданған 25 қазан ерекше тарихи маңызы бар оқиға ретінде бағаланып, ендігі уақытта Республика күні ретінде ұлықталады. Оның түпкі мәні – жаһанданған заманда елдіктің еңсесін тіктеп, ұлттық ерекшелікті, ұлттық болмыс-бітімді сақтай отыра, дамудың жолын саралауында.

ДЕРБЕСТІККЕ ЖОЛ САЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап егеменді Қазақстан еңсесі биік, терезесі тең жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді.

Республика күні Қазақстанда 1992 жылдан бері тойланып келе жатқанымен, ресми түрде мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана енгізілген болатын. 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заң бойынша бұл күн мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды.

2009 жылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы заңға өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ұлттық мереке болып өзгертілуіне байланысты, 25 қазан – Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталған болатын.

Былырдан бастап елімізде 25 қазан – Республика күні ретінде қайтадан атап өтіледі. Бұл туралы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 29 қыркүйекте өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында мәлімдеген болатын. Мерекенің тарихи маңызын алға тартып, қайта жаңғырту керек екенін айтқан Мемлекет басшысы бұл күнді ұлттық мереке ретінде қайта бекіту туралы заңға қол қойды. Яғни, «25 қазан күнін жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. Бұл – еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала



М. КЕНЖАЛИЕВ, Сот әкімшілігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы

береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деген болатын.

Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға біраз өзгерістер енгізіле бастады. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстанның негізі қаланды.

Егемендік декларациясы – қазақ халқы ұлт болып, мемлекет болып тұрғанда барынша ұлықталатын саяси құндылығымыз. Ұлттық идеяға айналған, еліміздің тәуелсіздігіне құқықтық-заңнамалық негіз қалаған және бүгінгі саяси дамуымыздың өзегін құраған құжаттың уақыт өткен сайын маңызы арта түсетіні айдан анық. Республика күні – 25 қазанда Қазақстанның барлық халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, патриоттық, бүгінгі Қазақстан патриоттығын айқындайтын факторлар әлемге паш етілуі тиіс.

Тәуелсіздік декларациясын жарияладық, Конституциямызды қабылдадық, ұлттық стратегиялық мүдделерімізді анықтадық. Сондықтан бұл құжаттың маңызын кетіруге болмайды.

САН ҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ДӘСТҮРІ ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

Алты алаштың ардақтысы, ұлтының еркіндігін аңсаған Әлихан Бөкейханов өз заманында «Тірі болсақ, алдымызда үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде, бөлек мемлекет болар!» деп елдің сенімін айтқан еді. Ол күнге біз тек 1991 жылы қол жеткіздік.

Елімізде заңға сәйкес ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтіліп келеді. Өкінішке қарай, сол мерекелердің бірі Республика күні 2009 жылы маусым айында Жарлыққа сәйкес түрлі себептерге байланысты мерекелік күнтізбелер тізімінен алынып тасталған еді. Алайда, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр маусым айында Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Республика күнін тойлауды жандандыруды ұсынды. Мемлекет басшысы аталған күннің ұлттық мереке ретінде атап өтілуі тиіс екенін айтты.

«Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрі жаңғырған күн. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, Декларация

– еліміздің Тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат», – деген болатын.

Әрбір азаматтың көкейінде «Ұлттық мерекенің ерекшелігі неде?» деген сұрақ туындайды. Осы тұрғыда, еліміздің заңдарында көрсетілгендей, ұлттық мереке деп Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал ететін, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне елімізде белгіленген мерекелер танылады. Ұлттық мерекелерді атап өту кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі. Қайта жаңғырған мерекенің тарихи тереңнен бастау алады. Оны ұрпақтың санасына сіңіріп, негізгі міндет-мақсатын жұртшылыққа насихаттау тоқтамауы керек.

А.ШЕКЕНОВА, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

ЖАРҚЫРАЙ БЕР, ЖАЙНАЙ БЕР, ҒАЖАП ЕЛІМ

Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай-талай асқарлы асуларды бағындырды. Өтпелі кезең ауыртпалықтарын бастан өткізіп, оңай тимеген экономикалық, саяси реформалар жүзеге асырылды.



Қазақстанды бүгінде әлем жұртшылығы дамыған нарықтық экономикалық демократиялық ел ретінде таниды. Елімізде халықтар достығы жақсы сақталған.

«Бұл жолғы мереке несімен ерекшеленеді? Өзге мемлекеттер айтулы күнді қалай тойлап жүр?» деген сұраққа ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев: «Енді 25 қазан ұлттық мереке Республика күні болып атап өтіледі. Бұл күні қазақстандықтар демалады. Жалпы, әлем елдері үшін Республика күні айрықша маңызға ие. Ал Қазақстан тарихында Республика күні бұрын да болған», – деп жауап берді.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1990 жылы 25 қазанда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен Мемлекеттік егемендік

туралы декларация қабылданды. Республика күнін ел 17 рет тойлады. Тек 2009 жылдың сәуір айында «Мерекелер туралы» Қазақстанның жаңа заңына Республика күні енген жоқ. Бұл мерекені алып тастауға соншалықты бір маңызды себеп болған емес. Араға 13 жыл салып, ел тарихындағы айшықты мереке – Республика күні халықпен қайта қауышты. Сондықтан Республика күні – ұлттық мереке. Бұл күнді барша қазақ халқы аңсап, армандаған.

Келешек ұрпақ бұл мерекенің маңыздылығын түсініп, оның құндылығын жоғалтпағаны жөн. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынас-

тардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға біраз өзгерістер енгізіле бастады. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Қазір бұл күн мемлекеттік деңгейде атап өтіліп, мереке ретінде тойланады.

Дәмәткен ТОХТАРБАЕВА, Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоба медициналық ұйымдардың аумақтық жақындығын қамтамасыз ету арқылы ауыл тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігін айтарлықтай жақсартуға арналған. Мұнда үш негізгі мәселені шешу көзделіп отыр. Біріншісі – жетіспейтін алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары, яғни фельдшерлік, фельдшерлік-акушерлік пункттерді, дәрігерлік амбулаторияларды салу арқылы барлық елді мекендерді медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Екіншісі – заманауи медициналық құрал-жабдықпен жабдықталған көпсалалы орталық ауданаралық аурухана желісін ұйымдастыру. Үшіншісі – ауылдық денсаулық сақтау мекемелерін медициналық кадрлармен қамтамасыз ету.

Жалпы, ұлттық жоба аясында алдағы екі жылда 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын, оның ішінде 257 фельдшерлік пункт, 238 фельдшерлік-акушерлік пункт және 160 дәрігерлік амбулатория салу жоспарлануда. Бүгінгі күні 99 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанының құрылысы жүргізілуде, олар биыл пайдалануға беріледі. 2024-2025 жылдар аралығында аурухана базасы да айтарлықтай жаңартылады. Оның ішінде мүмкіндігі кеңейтілген 32 заманауи көпсалалы орталық аудандық аурухана, инсульт және кардиологиялық орталықтар, травматология және ортопедия бөлімшелері, сондай-ақ оларды медициналық құралмен жарақтандыру көзделген.

– Ауыл үшін ең қиыны – мамандар тапшылығы. Алыс мекендерге кадрларды жеткізу де, тұрақтандыру да күрделі мәселе. Мұны қалай шешпексіздер?

– Ауылдағы денсаулық сақтау саласын кадрмен қамтамасыз ету мақсатында республика бойынша медициналық колледждер мен жоғары оқу орындарында 14 мыңнан астам медбике, 10 мыңнан астам фельдшер, 957 акушер және 7 мыңнан астам жалпы тәжірибелік дәрігерді оқыту жоспарлануда. Жобаның қосымша кадрлық қажеттілігі – алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары үшін 307 медицина қызметкері және көпсалалы орталық аудандық ауруханалар үшін 793 медицина қызметкерін құрап отыр. Бұл мәселе әкімдіктермен бірлесіп, медициналық кадрларды әлеуметтік қолдау және қайта даярлау тетіктері арқылы шешілме. Министрлік әкімдіктермен бірлесе отырып, 2025 жылға дейін кадр тапшылығын қысқарту жөніндегі Жол картасын бекітті. Онда нысаналы индикаторлар нақтыланған және кадр тапшылығын азайту және жергілікті жерде ұстап қалу, шетелге кетудің алдын алу бойынша қосымша ынталандыру шаралары қарастырылған. Бүгінде жәрдемақы мен бюджеттік несие көлемі – 3-5 миллион теңге аралығында. Бұл ауылдарға дәрігерлер тартуға жол ашады.

– Көбінесе науқастар, соның ішінде ауыл тұрғындары жедел медициналық көмектің дұрыс көрсетілмейтініне шағымданады. Жедел жәрдем қызметінің жұмысында не өзгерді?

– Денсаулық сақтау министрлігінің «Жедел медициналық көмекті, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып, халыққа қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілді. Бұйрық бойынша, жедел жәрдем бригадасының құрамына фельдшер – алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша кәсіби дайындық курсынан өткен, қосымша алғашқы медициналық көмек функциясын орындай алатын және жедел медициналық жәрдем бригадасының жұмысына қатыса алатын адам кіреді. 100 мың және одан да көп халқы бар моноқалаларда жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша дербес жедел медициналық жәрдем станциялары ұйымдастырылады. Медициналық бригадалардың саны бригадалардың жалпы санының кемінде 25 пайызын құрайды.

Сондай-ақ жедел жәрдем станциялары үйлестіруші ұйымға медициналық көмек көрсетуде интеграцияны қамтамасыз ететін медициналық ақпараттық жүйелерге қолжетімділікпен қамтамасыз етіледі. Ауылдық елді мекендердегі шақыруларға қызмет көрсету үшін



Ажар ФИНИЯТ, Денсаулық сақтау министрі

«ЕМ ІЗДЕП ШЕТЕЛ АСУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ»

аудандық қосалқы станциялардың диспетчерлері мамандарды, сондай-ақ жақын маңдағы медициналық ұйымдардан жедел жәрдем көліктерін тарта алады. Жергілікті атқарушы органдардың шешімімен, елді мекендерде жедел медициналық жәрдем қызметінің функциялары аудандық ауруханаларға берілді. Бұл жаңалықтар ел тұрғындарына көрсетілетін жедел медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырады сенім мол. Сонымен қатар, жедел медициналық көмек көрсету және жедел жәрдем көліктерімен қамтамасыз етілген білікті мамандарды тарту арқылы медициналық көмек көрсетудің жан басына шаққандағы нормативі ұлғайтылмақ. Соның нәтижесінде қызметтің қаржылық жағдайын жақсартуға болады.

– Денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі буынды – алғашқы медициналық көмек немесе емханалар құрайды. Бұл деңгейде қандай ілгерілеушілік бар?

– Алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары (емханалар) желісін кеңейтумен олардың халыққа, оның ішінде ауылдық жерлерге қолжетімділігі жақсарды. Бүгінде еліміздегі дәрігерлік амбулаториялар саны 3324-ке жетіп, 3,7 пайызға өсті. Сонымен қатар, халықты алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен қамту өсуде. Күн сайын алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына 570 мыңнан астам пациент келеді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артық. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекке жұмсалған қаржы 3 жыл ішінде 1,5 есеге өсіп, денсаулық сақтаудың жалпы бюджетінің 34,3 пайызына жетті. 2025 жылға қарай алғашқы медициналық-санитарлық көмекке жұмсалатын қаржы сомасын екі есеге жуық ұлғайту жоспарлануда. Былтырдан бері 9 бағыт бойынша консультациялық-диагностикалық қызмет көрсету учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз жүргізілуде.

Онкологиялық және гематологиялық ауруларға күдікті адамдарды тексеру мен емдеуді жеделдету үшін «Жасыл дәліз» енгізілген. Балалардың туа бітті кемістігінен болатын мүгедектік пен өлім-жітімді азайту мақсатында түрлі аймақтарда 18 орталық ашылды. Нәтижесінде жүкті әйелдерді скринингпен қамту өсті. Бүгінде бұл көрсеткіш 6 пайызға, жалпы көрсеткіш 79 пайызға жетті. Амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жыл сайын артып келеді. Ағымдағы

жылы амбулаториялық-емханалық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша нозологиялар тізбесі 181-ге дейін кеңейтіліп, 3,8 млн адамды қамтыды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 54%-ға артық. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуімен халыққа медициналық көмектің қолжетімділігі артып отыр.

– Ажар Финиятқызы, соңғы жылдары медициналық оңалту, оның ішінде бала-

Биыл Ұлттық нейрохирургия орталығының дәрігерлері 2 мыңнан астам ота жасапты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға жоғары. Орталық ашылған уақыттан бері 40 мыңнан астам операция жүргізді. Бұрын Қазақстан мен Орталық Азияда қолданылмаған 70 жаңа технологияны енгізді. Біздің еліміз Орталық Азиядағы жүрек пен өкпе трансплантациясы жасалатын жалғыз мемлекет екенін мақтан тұтамыз.

ларды оңалту ісі белсенді дамып келеді. Бұл қызметтер қазақстандық балаларға қаншалықты қолжетімді?

– Негізгі бұл – 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу институты. 2020 жылдан бастап «Қамқорлық қоры» және «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен «Қамқорлық» бастамасы жүзеге асырылуда. Соңғы 2 жылда 0-ден 3 жасқа дейінгі балалар үшін 15 оңалту орталығы мен 11 ерте араласу орталығы ашылды. 2023 жылы жыл сайын 10 мыңнан астам жас баланы қамтитын тағы 13 орталық ашу жоспарлануда. 55 орталық балаларға оңалту көмегін көрсетеді. 2022 жылы 83 мыңнан астам бала тәулік бойы жұмыс істейтін және күндізгі стационарларда, 12 мың бала емханаларда негізгі ауруынан оңалту арқылы ем алды. Соңғы 3 жылда оңалтуды қаржыландыру 15 млрд теңгеге дейін өсті.

Бүгінгі таңда денсаулық сақтау жүйесінде балаларға көмек көрсететін 55 оңалту орталығы жұмыс істейді.

– Қазақстанда онкологиялық көмек көрсетудің жаңа бағдарламасы қабылданды. Олар науқасқа осы қорқынышты аурумен күресуге қандай мүмкіндіктер береді?

– Қазіргі таңда онкологиялық аурулар тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өзекті болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жер шарындағы әрбір бесінші адам қатерлі

ісік ауруынан зардап шегеді. Қатерлі ісік әлемде және Қазақстанда жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейінгі өлім-жітімнің екінші себебіне айналды. Елімізде жыл сайын 37 мыңнан астам адам қатерлі ісікке шалдығады, олардың саны тұрақты өсіп келеді. Мамандандырылған көмекті кеңейту, жаңа технологияларды енгізу және қатерлі ісіктерді (жатыр мойны обыры, сүт безі обыры, тоқ ішек обыры) ерте анықтауға арналған скринингтік тексеруден кейін соңғы бес жылда өмір сүру деңгейі 4,5-ке артты.

Онкологиялық аурулар әлеуметтік маңызы бар ауруға жатады. Ел тұрғындарына онкологиялық көмек көрсету денсаулық сақтау мекемелерінің барлық деңгейінде жүзеге асырылады. Мәселен, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымында тексеру кабинеттері (2168) және онкологиялық (499) кабинеттер көбейіп келеді.

Ел тұрғындарына онкологиялық көмек көрсетуді одан әрі жетілдіру перспективалары 2023-2025 жылдарға арналған қатерлі ісік ауруларымен күресудің кешенді жоспарының негізін құрады. Құжаттар онкологиялық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, атап айтқанда, қауіп факторларының алдын алу мен басқаруды күшейту, ерте диагностикалау, ма-

нологиялық емдеуді қажет ететін нейрохирургиялық патологиясы бар науқастардың 80 пайызының елімізде ем қабылдауға мүмкіндігі болмаған. Ендігі кезекте күрделі нейрохирургиялық операциялар еліміздің барлық тұрғынына қолжетімді. Сондай-ақ халыққа мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін ауруларды (жүрек-қан тамыр жүйесі, онкологиялық аурулар және т.б.) емдеу және диагностикалау бойынша 250-ден астам хаттама қайта қаралатын болады. Бұл жалпы науқастарды емдеу тактикасын халықаралық стандартқа мүмкіндігінше жақындатады. Сонымен қатар, халыққа медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін биыл өңірлерде 8 денсаулық сақтау нысанын салу жоспарлануда.

– Денсаулық сақтау министрі ретінде және жеке дәрігерлік тәжірибеңізден адамдарға денсаулықты жақсарту бойынша қандай ұсыныс айтар едіңіз?

– Мемлекет денсаулық сақтаудың заманауи инфрақұрылымын жасайды, кәсіби медициналық кадрларды дайындайды, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және қаржыландырады. Бірақ азаматтың өзі денсаулық сақтау жүйесі мен медицина қызметкерлерінің толық

серіктесі болып, өз денсаулығын сақтауға бар күшін салуы керек. Содан кейін біздің жоғары білікті хирургтарымыз стент қою, коронарлық шунттау оталарын жасап, науқасты құтқарып, аяғына тұрғызады. Содан өз емханасында диспансерге тіркеліп, жүрек талмасы қайталанбас үшін барлық жазып берген дәрі-дәрмектерін мемлекет есебінен ұзақ мерзімге тегін алады.

Бірақ бұл жерде маңыздысы – науқастың жүрегі ауырып, аурухана төсегіне жатып қалмас бұрын профилактикалық тексеруден өтеді. Скринингтер, медициналық тексерулер, қан қысымын емдеу, осының барлығы біздің емханаларда толығымен тегін жолға қойылған. Бірақ халықтың жартысы ғана қауіпті аурулардың алдын алу үшін бұл мүмкіндіктерді пайдаланады.

Алкогольді, темекі шегуді тұтынуды азайту, қауіпсіз көлік жүргізу және жалпы мінез-құлық ережелерін сақтау маңызды. Бұған мән бермесек, біз еңбекке қабілетті жас азаматтарды жоғалтамыз. Өйткені темекі шегудің өзі адам денсаулығына орасан зор зиян келтіріп, бірқатар қауіпті ауруларды, ең алдымен, қатерлі ісік ауруын тудырады. Әйелдердің денсаулығының көрсеткіштеріне, әсіресе, жүктілік пен босану кезінде көп көңіл бөлеміз, бірақ ер адамдарымыз өз денсаулығына немқұрайлы қарайды. Барша қазақстандықтарды уақытында тексеруден өтіп, дәрігерлік кеңестерді сақтауға шақырамын. Қазіргі кезеңде медицина «жеке емдеуге» көшуде, профилактикалық медицина тенденциясы күшейіп келеді, бұл кезде денсаулықты кез келген жолмен сақтау, ауырмау және өмір сүру сапасының көрсеткішін параметрлерін сақтау маңызды.

– Демек, елде, шетел асу қажет емес сияқты ғой...

– Иә, осы орайда ел азаматтары шетелге шықпай-ақ, әлемдік деңгейдегі емханалардан еш кем түспейтін ұлттық орталықтарда кардиология, кардиохирургия, нейрохирургия, трансплантология және ортопедия саласындағы қазақстандық медицинаның жетістіктерін пайдалана алады. Биыл Ұлттық нейрохирургия орталығының дәрігерлері 2 мыңнан астам ота жасапты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға жоғары. Орталық ашылған уақыттан бері 40 мыңнан астам операция жүргізді, бұрын Қазақстан мен Орталық Азияда қолданылмаған 70 жаңа технологияны енгізді. Біздің еліміз Орталық Азиядағы жүрек пен өкпе трансплантациясы жасалатын жалғыз мемлекет екенін мақтан тұтамыз.

– Демек, елде, шетел асу қажет емес сияқты ғой...

– Иә, осы орайда ел азаматтары шетелге шықпай-ақ, әлемдік деңгейдегі емханалардан еш кем түспейтін ұлттық орталықтарда кардиология, кардиохирургия, нейрохирургия, трансплантология және ортопедия саласындағы қазақстандық медицинаның жетістіктерін пайдалана алады. Биыл Ұлттық нейрохирургия орталығының дәрігерлері 2 мыңнан астам ота жасапты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға жоғары. Орталық ашылған уақыттан бері 40 мыңнан астам операция жүргізді, бұрын Қазақстан мен Орталық Азияда қолданылмаған 70 жаңа технологияны енгізді. Біздің еліміз Орталық Азиядағы жүрек пен өкпе трансплантациясы жасалатын жалғыз мемлекет екенін мақтан тұтамыз.

Бүгінгі таңда МӘМС пакетінде емделушілерге ВТМП-ның 80 түрі қолжетімді. Қазақстанда алғаш рет нейрохирургияның принципті жаңа бөлімдері – микронейрохирургия, эндоскопиялық және функционалды нейрохирургия енгізілді. Бұған дейін жоғары тех-

никалық ерекшеліктерін неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу мүмкіндігін кеңейтеді. Елімізде гамма-пышақ, радионуклидті терапия және томотерапия сияқты технологияларды қолдана отырып, онкологиялық науқастарды емдеудің жоғары мамандандырылған әдістерінің қолжетімділігі артып келеді.

– Демек, елде, шетел асу қажет емес сияқты ғой...

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ҚҰРМЕТ

Қазақ тарихында қанмен жазылған оқиғалар аз емес. Әсіресе, XX ғасыр қазақ үшін өте ауыр, қайғылы болды. Социалистік одақтың солақай саясаты қазақтың қаймағын қырып салды. Алдымен халықты қанаушы деген желеумен бай-манаптың малын алып, өздерін құғынға ұшыратты. Бас сауғалаған байлар шекара асып, жан сақтауға мәжбүр болды. Тарыдай шашылды. Көп ұзамай тұтастай ұлт аштыққа ұшырады. Балапан басымен, тұрымтай тұсымен кеткен заманда ересектермен қатар балалар да тағдырдың тәлкегіне ұшырады. Талқаны таусылғандар қыршын кетіп, аман қалғандардың арасында ата-анасынан ажырап, балалар үйін паналағандар мыңдап саналды. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз Изатулла БАТЫРШАЕВ та ата-анасынан ажырап, балалар үйінде тәрбиеленген бүлдіршіндердің бірі еді...

ӨМІРІ ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ЖАН



де аяған жоқ. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан соң, Ферғанадағы авиамектептің ұшқыштар даярлайтын курсына оқуға түсіп, қиялындағы арманын іске асыруға енді қол жетті ме дегенде сұм соғыс басталып, 19 жасқа толған бойда майданға аттанды. Бұл 1942 жыл болатын. Алдымен Воронеждегі әскери-байланыс

1923 жылы Шымкент қаласында кіндік қаны тамған нәресте Изатулланы алда шығығы мен қызығы мол өмір күтіп тұрды. Атасы Батырша болыс болып, ел басқарған, әкесі Рахматулла да бай-қуатты жан еді. Бай-манап деп құғынға ұшырағанда, Ташкент асуға мәжбүр болды. Шиеттей 4-5 перзентті ажалдан арашалап алып кету де оңай болмады. Ал балалар үйіне жасы тым кішкентай сәбилерді қабылдамайтын. Амал жоқ, кішкентайларын өздерімен бірге алып, сәл ересектеу болып қалған Изатулланы «жоғалып кетпесін, басы аман болса, бір табысармыз» деген оймен балалар үйіне қалдырып кетеді. Бұл бала Изатулла үшін қатты психологиялық соққы болды. «Мені не үшін балалар үйіне тастап кетті» деген өкпемен өсті. Бірақ есейгенде барлығын түсінді. Саясаттың дауылы басылған тұста елге оралып, Қазығұрт ауданына тұрақтаған ата-анасымен қайта табысып, оларға өмірден өткенше қамқор болды, перзенттік парызын өтеуге тырысып бақты. Апта сайын ауылға барып, қолғабыс жасады. Әкесі 80 жаста, анасы 96 жаста өмірден өтті.

Балалықтың бал қызығын ұрлаған тағдыр Изатулланы ержеткенде

училищесінде жедел курстан өтіп, радиобайланысшы мамандығын игерді. Сөйтіп, жиырмаға да толып үлгермеген, жанарынан жалын ұшқан жас жігітке атқыштар бөлімін басқару және әскери байланыстарды ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелді. 1945 жылы әуе шабуылшылары Берлинге қарай бет алғанда, Изатулла Батыршаевқа өте маңызды тапсырма жүктелген болатын. Оған ескілескен ұрыста орталықпен үзілген байланысты қалпына келтіру тапсырылды. Ол әскери ұшақпен тапсырманы орындауға аттанады. Бұйрықты бұлжытпай орындауға барын салды. Сенім ақталып, байланыс қосылды. Бірақ алған ауыр жарақатының салдарынан өз бөліміне қайта орала алмай, Уфадағы әскери госпиталь төсегіне таңылды.

Соғыс аяқталғаннан кейін Ташкенттегі әпкесінің үйіне барып, мемлекеттік университетте жоғары білім алды. Өмірлік жары Әнуарова Ұлшақұлмен де осында жүріп танысып, 1952 жылы шаңырақ көтерді.

Заңгер мамандығын меңгеріп, еңбек жолын аудандық партия комитетінде инструктор болудан бастады. Екі жылдан кейін облыстық партия комитетіне ауысты. Онда да екі жыл жұмыс істеп, облыстық сотқа

мүше болып қабылданды. 1958 жылы жұмысқа деген жоғары жауапкершілігінің арқасында көзге түскен жас маманға облыстық сот төрағасының азаматтық істер бойынша орынбасары міндеті сеніп тапсырылды. «Дарақ бір жерде көгереді» демекші, зейнетке шыққанға дейін осы қызметтен тапжылмай, өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарды.

Изатулла Батыршаев 2000 жылы 77 жасында жалғаннан бақиға аттанды. Биыл 25 қазанда оның туғанына 100 жыл толғалы отыр. Соған орай кенже қызы Ғазиза Изатуллақызы әкесі жайлы естелігімен бөліскен болатын.

– Әкем жастай қан майданның ортасында болған кісі, оның үстіне сот саласында ұзақ жылдар қызмет еткендіктен мінезі қатал болды. Балаларына да барынша талапшыл болғанымен, өте мейірімді еді. Анамыз №12 мектеп-интернатта жұмыс істеді. Онда балалар жатып оқитындықтан, анам жұмыстан кеш қайтатын. Сол себепті біз әкемізден көбірек тәлім-тәрбие алдық.

Ағайын-туыс дегенде әкеміздің шығарға жаны бөлек еді. Мәселен, біз өзіміз үйде бес бауыр болсақ, одан бөлек әкеміз, анамыз бауырлары, олардың балалары үйде жатып оқитын. Достары да үйге жиі қонаққа келетін. Содан біз көпшіл болып өстік.

Қазір ойлап отырсам, ата-анамыз бізге, яғни балаларына, туыстарына қатты сенген екен. Мысалы, әкем де, анам да жалақысын алғаннан кейін оны шкафтағы газеттің астына қоя салатын. Дүкенге бару қажет болса сол жерден ала беретінбіз. Ақша жоғалу деген болмайтын. Өкінішке қарай, қазір адамдар арасында осындай риясыз сенім жоғалып бара жатқан секілді.

Әкеміз тағы бір қасиеті – музыканы қатты жақсы көрді. Үрмелі аспапта ойнап, әжептәуір ән салатын. Бізді де музыкаға оқытты. Үйде пианино болатын, әкем ән айтқанда кіші ұлы Ғалымжан сонымен сүйемелдеп отыратын. Зейнетке шыққаннан кейін немерелердің тәрбиесімен айналысты. Олар қазір түрлі қызметтерде жүр. Соғыс жайлы көп айтпайтын. «Сендерге ол не үшін керек» дейтін. Бәлкім, басынан өткен қиындықтарды бізге білдіргісі келмеген болар, – дейді Ғазиза Изатуллақызы.

Өмірі өнегемен өрілген Изатулла Батыршаевтың майдан даласындағы ерлігі лайықты бағаланып, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, он шақты медальдармен марапатталған. Ал, бейбіт күндегі батырлығы, анығырақ айтқанда, адам тағдырына төрелік айтудағы біліктілігі, турашылдығы ешқандай да медальмен өлшенбесе керек-ті...

Шадиар МЕКЕНБАЙҰЛЫ,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ОТБАСЫ - МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

ҚР Конституциясының 27- бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болатыны көрсетілген. Неке – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықтық одақ. Отбасы – мемлекеттің тірегі, ал мемлекет отбасыдан құралады.

Отбасы құқықтарын қорғауды сот азаматтық сот ісін жүргізу ережелері бойынша жүзеге асырады.

Некені бұзу – бұл соттың немесе азаматтық хал актілерін тіркеу органының шешімі бойынша адамдардың бір отбасымен бірге тұруын заңды түрде тоқтату. Сотқа жиі түсетін талаптардың қатарында некені бұзу талаптары жиі кездеседі. Алайда барлық неке сот арқылы бұзылмайды.

Неке сот тәртібімен ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болған; ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған немесе біреуінің қарсылығы болмауына қарамастан, өз іс-әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені бұзудан жалтарған; бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған жағдайларда бұзылады.

Ал кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі кезінде және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде, тіркеуші органдарда неке бұзылатын болады.

Сонымен қатар егер ерлі-зайыптылардың біреуін сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса; әрекетке қабілетсіз деп таныса; әрекет қабілеті шектеулі деп таныса; қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаса, неке ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады.

Бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын және кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуі үшін жауапкердің тіркеуші органдарда некені бұзудан бас тартқанын не оның қарсылығының болмауына қарамастан, некені бұзудан жалтарғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынуы қажет.

Тіркеуші органдар кодекстің 238-бабы 2-тармағының тәртібімен некені бұзуға жауапкердің келісімінің жоқтығын растау үшін жұбайының некені бұзу туралы арызбен тіркеуші органға жүгінгені жөніндегі құжаттар және жауапкердің некені бұзуға келісімінің жоқтығы туралы жазбаша арызды ұсынылады.

Ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылықтарының болмауына қарамастан, некені бұзудан жалтарған жағдайда, мысалы, некені бұзу туралы бірлескен арыз не жеке арыз беруден бас тартса, оның бірлескен арыз беру үшін тір-



Алмагүл КАПАНОВА,
Ақсу қалалық сотының судьясы

кеуші органға жеке өзінің келуіне мүмкіндігі болмаса, сондай-ақ ол арыз берілгеннен кейін бір ай өткен соң тіркеуші органға қайта келмесе неке сот тәртібімен бұзылады.

Бұл жағдайда талап қоюшы жауапкердің некені тіркеуші органдардан жалтарғанын куәландыратын дәлелдемелерді талап қою арызына қоса беруге міндетті. Мұндай дәлелдемелерге тіркеуші органның ерлі-зайыптылардан некені бұзуға арыздың болмағаны не арыз берілгеннен кейін бір ай өткен соң некені бұзу үшін оның қайтадан келмегені туралы мәліметтері жатады.

Тіркеуші органдарда некені бұзудан жалтарудың мән-жайлары құжаттармен – ерлі-зайыптылардың арызының жоқтығы туралы анықтама ұсынылып, сонымен қатар талап қоюшының некені тіркеуші органдарға бұзу ниеті туралы жауапкерге тиісінше хабарлағаны жөніндегі мәліметтермен расталуы тиіс. Пошталық хат-хабарды алу туралы хабарлама, электрондық пошта мекенжайына, ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе талап қоюшының жауапкерге жасаған өтінішін тіркеуді қамтамасыз ететін және талап қоюшының некені бұзу туралы ұсынысы жөнінде жауапкердің хабардар болуын куәландыратын өзге де электрондық байланыс құралдарына жіберілген хабарламалар талап қоюшының жауапкерге некені соттан тыс тәртіппен бұзуға өтініш жасағанына дәлелдемелер болып табылады. Мұндай дәлелдемелер болмаған жағдайда, заңда белгіленген дауды реттеудің соттан тыс тәртібін сақталмауына байланысты арыз қайтарылады.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ПІКІР

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - БАСТЫ НАЗАРДА



Балалар да ересектер сияқты қоғамның негізін қалаушы болашақ жас өскін. Оларға ерекше қамқорлық керек.

Қазақстан Республикасының 2002 жылы тамыз айында шыққан «Балалар құқығы туралы» заңында балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз ету, олардың бөлінушілігіне жол бермеу; балалардың құқықтары бұзылған жағдайда қалпына келтіру; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша ұйымдар құру; балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеуге көмектесу туралы тармақтар бар.

Халықаралық және елімізде қабылданған осындай заңдардың аясында және оларды басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты биылғы сегіз айда ата-ана құқығынан айыру туралы 37 іс, ата-ана құқығын шектеу туралы 41 іс, балалардың тұрғылықты мекенжайын анықтауға байланысты 52 іс, әкелікті қалпына келтіру туралы 96 іс қараған. Сотта қаралған барлық істерде балалар құқығының қорғалуы жан-жақты қамтамасыз етілді.

Е.ТОҚСАНБАЙ,
Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты әкімшісі басшысының орынбасары

ҚАЗЫНА

ҚАСИЕТТІ МҰРА

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухани қазына байлығына балайды. Себебі тіл – халықтың жаны, ұлттың болмысы.

Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз тәуелсіздік, егемендіксіз тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақтың болашағы – қазақ тілінде. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды.

«Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни қазақ жастары», дейтін болсақ, ендігі біздің міндетіміз қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста тәуелсіздік алғалы бері елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

Өркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен блуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

А.ИБРАГИМОВА,
Ақтөбе қаласының мамандандырылған тергеу сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

31. Туберкулез жұқпалы ауруының алдын алу іс-шаралары

Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерінде қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез – бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының – сүйек, бүйрек, ми және ми қабықтары, тері, көздің және басқа да ағзалардың зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі. Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам. Туберкулез науқас адамнан сау адамға ауамен таралады. Жәтелгенде, түшкіргенде туберкулезбен ауырған адамдар ауаға туберкулез бактерияларын таратады. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар. Туберкулездің алдын алу шараларының бірі – салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жетудің ең жақсы жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру. Жеке гигиена ережелерін сақтау – жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын

32. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы коммуналдық мекеметтік мекемесінің «Облыстық патология-анатомиялық бюросы» коммуналдық мекеметтік қазыналық кәсіпорны бас дәрігерінің бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Кәсіпорынның атауы: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы коммуналдық мекеметтік мекемесінің «Облыстық патология-анатомиялық бюросы» коммуналдық мекеметтік қазыналық кәсіпорны.
Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 72. Тел.: 23-6481, email: orab_01012016@mail.kz индексі 120008
Негізгі қызметі: Диагностика және патологиялық анатомия мамандығы бойынша ересектер мен балаларға стационарлық көмек.
Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік (немесе сертификат); немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ЕМВА (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бо-

йынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ЕМВА (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі;
денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты;
басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.
Конкурсқа қатысқысы келген азаматтар «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мекеметтік коммуналдық мекемесіне келесі құжаттарды тапсырады:
конкурсқа қатысу туралы өтініш;
мекеметтік және орыс тілдерінде түйіндеме;
білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мекеметтік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны бойынша анықтама.
Конкурс «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мекеметтік мекемесінде Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, № 27 үй мекенжайында өтеді.
Конкурстық құжаттар 20.10.2023 жылдан бастап, 03.11.2023 жылға дейін қабылданады. Құжат тапсырудың соңғы күні – 03.11.2023 ж., сағат 19.00-ге дейін. Құжат қабылдау Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 үй мекенжайы бойынша жүргізіледі, кабинет 208. Анықтама алу үшін байланыс телефоны: 8(7242) 40-04-51, ішкі 3020, 3041.

ның бастауыш кәсіподақ ұйымы» заңды тұлғасының филиалы, БСН 000641010688, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе обл., Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, 43. Тел.: 87133221224, 87771853091.
14. «Mangistau Diesel Technic» ЖШС, БСН 110540002849 (Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3Б ықшамауданы, «Диас» бизнес орталығы, кеңсе 111), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 2 ықшамаудан, 8 үй, 10 пәтер. Тел.: 87019146536.
15. «Тамерлан Қурылыс Ақтобе» ЖШС (БСН 100440016843) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе обл., Ақтөбе қаласы, Пацаев көшесі, үй 27.
16. «Market Shop» ЖШС, БСН 211040001717, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Түркістан обл., Сарыағаш ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Достық ауылы, көшесі Б.Бердімұратов, үй 84. Тел.: 87024527254.
18. «Қаратөбе-Су» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 060440026206, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады келесі мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қаратөбе ауылдық округі, Бектөбе ауылы, Жамбыл көшесі, 80 үй, тел.: 87071902590.
19. «РегионТрейд ЛТД» ЖШС, БСН 200240028484, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына тел. қабылданады: +77471117444.
20. «БТ-Ойл ЖШС, БСН 040340000720, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: г.Кульсары, Атырауская область, Жылыойский район, Промзона 1; тел.: 871237 56754.
21. ЖШС «Юридическая фирма Энерго-Плюс-JUSTICE», БСН 170840022141, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Қасым Аманжолов көшесі, 96/1, 3 тұрғын емес үй-жай, тел.: +77017566065.

24. «Алматы қаласындағы «SMES INTERNATIONAL PTY LIMITED» (СМЭК ИНТЕРНЭШНЛ ПТИ ЛТД) өкілдігі», БСН 000942003047 қызметтің болмауына байланысты ерікті негізде тіркеу есебінде шығарылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тас жолы, 3 ғимарат, «SMART» Бизнес-орталығы, 510 кеңсе, пошта индексі 010000, телефон: + 7 775 393 1770 немесе +77017220112.

26. «ЖІГЕР-Л» өндірістік кооперативі, БСН 230440037713, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Береке ауылы, көшесі Б.Майлин, үй 3/2, пошта индексі 160600.

27. «Әйтеке би ауданының ветеринария бөлімі» мекеметтік мекемесі (БСН 160440014372), заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылдық округі, Комсомол ауылы, Жүргенов көшесі, 62 үй, 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Жүргенов көшесі, 62 үй. Тел: 87779284007.

28. «Мерей – Қызылорда Колледжі» мекемесі (БСН 030440008996) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Ақмаржан ауданы, Жаппасбай батыр көшесі, 175а үй, 16 пәтер. Тел.: 87058257589.

ӘРТҮРЛІ

11. «Траст-Караганда» ЖШС, БСН 011040000608, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Битова көшесі, 18/3.
12. Ақмола облысы, Атбасар ауданы әкімдігінің 09.10.2023 ж. № а-10/295 қаулысына сәйкес, «Атбасар ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ (БСН 951040000128) «Атбасар ауданы әкімдігінің мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ және «Атбасар ауданы әкімдігінің ішкі саясат және тілдерді дамыту» ММ болып бөліну арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Ағыбай батыр көшесі, 266 үй, тел.: 8(716-43) 53204.

22. «Smart Finance» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190540026513, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 265 үй, каб. Телефон: +7 705 568 33 31.

23. «Credia» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210940040183, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 265 үй, каб. Телефон: +7 777 977 27 77.

30. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі, БСН 070740012675, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

ЖОҒАЛТУ

25. «Ceo Projects Stroy» ЖШС, БСН 180740027292, жерге орналастыру жобаларына арналған мөрдің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

МҰРАҒЕРЛІК

9. 24.01.1994 жылы қайтыс болған Жаппаркулова Алтынайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел.: 87022334499.
10. 17.03.2023 жылы қайтыс болған Қыпшақбайұлы Тыныштықтың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер нотариус Ф.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел.: 87022334499.

17. 02 қаңтар 2023 жылы қайтыс болған Сатенова Биғаншаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел. 87022334499.

29. 22.04.2023 жылы аз. Өтебай Қойбақ Жарылқасынұлы қайтыс болған соң мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге нотариус З.Н. Кушекбаеваға Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 28 үй, 2-КБ, телефон: 87024675855 хабарласуға болады.

ТАРАТУ

2. «ТОЙИБА» ЖШС, БСН 200840015464, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тургенев көшесі, 98 үй, корпус 1. Тел.: 87781186356.
3. «ДЕМЕУ ҚАМҚОР» қоғамдық бірлестігі, БСН 160940026750, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Қатаркөл ауылдық округі, Қатаркөл ауылы, тпсіз, атауы жоқ, Қатаркөл көлінің оң жағалауындағы үй, 7А, индекс 021719. Тел.: 87006641217.
4. «SMART TERMINAL» ЖШС, БСН 230140014654, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу обл., Панфилов ауданы, Пенжім ауылы, 22 ғимарат.
5. «Детский град - Агат» ЖШС, БСН 080840007058, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 132 үй, индекс 050000. Тел.: 87771773797.
6. «TALIPOFF» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 160540000811, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасы, 050016, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 21 үй, мекенжай бойынша қабылданады. Тел.: 87028082208.
7. «Кордай Жолы» ЖШС, БСН 140440016672 (Қазақстан, Жамбыл обл., Қордай ауд., Ноғайбай ауылы, Сауранбаев көшесі, 2 үй, индексі 080422), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы обл., Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, «Место под солнцем» БЖ Тұтыну кооперативі, 19-линия көшесі, 113 үй. Тел.: 87021535303.
8. «Versus003» ЖШС (БСН 220340003179) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Бірлік» ықшамауданы, Құрайлы көшесі, 1 үй.
13. «Ойыл аудандық әкімдігінің мекеметтік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің кәсіподағы-

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.
ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.
«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтисов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаяева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Үш күн өтсе де, Нұржан үйіне оралмады. Ат та жоқ, адам да жоқ. Жасынан сал-сері боп өскен күйеуінің мінезін қанық Ұлжан: «Е, ойыны біткенде келер» деп бейғам жүргенімен, үшінші таң атқанда көңіліне күдік ұялады.

Қызылжар деп аталатын осы жайлау Нұржанның жеті атасынан бері жайлап келе жатқан ата қонысы еді. Таяуда ғана көктеуден көшіп келген. Шалғынның соңысы басылмаған. Масатыдай құлпырып тұр. Айналада шашылған жұмыртқадай болып жырма шақты ақшақан үйлерден түтін будақтайды. Осындай мамыражай жерде де кісі жоғалды дегенге көңіл сенбейтіндей.

Ұлжан қолғанаттыққа жарап қалған тоғыз жасар ұлы Айдын екеуі малды жайғап болған соң, тыртық сан қара ата мінгесіп көрші-қолаңға барып Нұржанның із-дерегін сұрағанымен, ешкім көрмеген болып шықты. Үйге қайтып келген соң, анасы ұлын бір жалдың ар жағында отыратын әкесінің бала кезден бірге өскен досы Адалбекке хабар беруге жұмсады. Адалбек келіп мән-жаймен ұғысты да, Нұржан барады-ау деген жердің барлығын адақтаған. Онысынан түк шықпады.

Сонымен ертесіне аудандық полиция бөлімінің көмегіне жүгінуге тура келді. Полиция капитаны Елеу жақын төңіректегі малшыларды жиып, із кесіп көрді. Малшылардың жауабы әрқилы болды. Біреуі Нұржанның қарағай жаққа кетіп бара жатқанын айтса, біреуі Күнгейті өзеніне қарай бет алып бара жатқанын айтты. Одан өзге мәлімет жоқ. Бәленің бәрі аттан келді деп ойлаған капитан Елеу осы маңайдағы атбегілерді түгел бөлімшеге алдырып, шетінен тергей бастады. Олай істейтін де жөні бар. Өйткені Нұржанның үкілі кері бірнеше жылдан бері алдына қара салмаған, талайдың көзқұртына айналған бас жүйріктің өзі еді.

Тергеу барысында Әлен-Жәлел деген ағайынды екі жігіт күдікке ілінді. Ағайынды екеуі соңғы бір жыл бойы үкілі керді көп айналшықтаған. Нұржанға көп ақша ұсынып, сатып берудің қолқалағанымен, ат иесі жанымды алсаң ал, атымды бермеймін деп шорт кескен. Сол үшін шекісіп қалғандарына ел күе. Бұрын да сотты болғанына байланысты ағайындының үлкені Әлен уақытша қамауға алынып, інісі қолхатпен босатылды.

Ұлжан осы аралықта ұлын дедекетіп ертіп алып, етегі жасқа тола жүріп, қаншама бақсы-балгер, тәуіп-құшынаштың алдына барды. Олар да қайғы жұтып шерменде болған пендені әбден шатыстырды. Біреуі суда деді, біреуі нұда деді, ал біреуі пері әкеткен деді. Әйтеуір, «үмітсіз шайтан» дегендей, ешқайсысы өлдіге жорымады. Сол аралықта Әленнің үйінен Нұржанның ертоқымының күміс құйысқаны табылды.

– Міне, дәлел-факті. Мойында қылмысыңды, – деп капитан Елеу Әленнің алдына құйысқанды тастады.

– Мен оны былтыр ұрлап алғам, – деді міз бақпай.

– Не мақсатпен ұрладың?
– Атым үкілі кердей жүйрік болсын деген ырыммен.

Сонымен Ұлжаннан сұрағанда Нұржанда мұндай құйысқанның үшеуі барын, мына құйысқанның нақты қай кезде жоғалғанын ашып айтып бере алмады. Күміс құйысқанның ұрлығы дүдәмәл күйінде қалды.

Адалбектің бас болуымен ауыл жігіттері жатпай-тұрмай сай-сала, қойын-қолатты тінткенімен, еш нәтиже жоқ.

Атқұмарлық пен атбегілік қанында бар Нұржанның жылқы дегенде шығарда жаны бөлек еді. Көзін ашқаннан бері әкесінің жанында жүріп ат баптау мен жылқының сырына қанық болып өсті. Осы кезге дейін қылаңы бар, жирені мен құласы бар, қаншама жүйрік алдынан өтті. Бірақ мына үкілі кер Нұржан үшін алабөтен болды. Тұлпар болар құлынды «сүт беріп, сұлы беріп», күнге тигізбей, желге сүйгізбей мөпелеп бақты. Тіл-көз болмасын деп кекіліне үкі тақты. Содан үкілі кер

атанды. Аузымен құс тістеген үкілі кер төрт төңірекке аты кеткен желғабызға айналды. Соның арқасында Нұржанның да ырысы тасып, дәулеті шалқыды. Соңғы рет сол үкілі керімен үйден кеткен Нұржанның жұмбағы елдің есін екеу, түсін төртеу қылды. Өзі көпшіл, әнші-күйші, атсейіс азаматпен біреу жаға жыртасыпты, біреумен кектесіпті дегенді жұрт сирек еститін. Қайта жатты жақындатып, аразды татуластырған ортадан табылатынына ел күе.

«Күнгейті өзеніне қарай бара жатқан» деген қойшының айтуы бойынша Елеу өзен бойынан із-дерек жинастырды. Судан салынды боп шыққан ескі қаңылтыр, тат басқан темір, ақсөңке сүйек-саық, ағаштардан басқа көзге оғаш көрінген өзеннің бір мүйісінен жақында ғана ішілген екі тал

ген үміттері қиылып, ботадай боздап, қаңыраған қазақ үйде аналы-балалы екі мұңлық қалды.

Тәжірибелі ізкесер капитан Елеу істің бұлай аяқталғанынан мұның артында ұйымдасқан қылмыстық топ тұрғанын аңғарды. Өйткені Нұржан – жалғыз-жарым адамға алдырмайтын алымды-шалымды, жігіттің сырттаны. Оның үстіне, құса жететін, қашса, құтылатын үкілі кері тағы бар. Қанішерлер Қапияда қастандық жасаған болды деп ойлады да, көрші аудан-қалалардағы полиция бөлімшелеріне хабарласып, мал ұрыларын қатаң тексеруді айтты. Өйткені бұл қастандықтың артында үкілі кер тұрғанына шүбәланбады.

Қызық Нұржанды жерлеген соң, екі күннен кейін басталды. Ымырт үйіріліп, апақ-сапақ кезде иттер абаалаған соң,

ҮКІЛІ КЕР



Айдын сыртқа шыққан. Беткейдегі құлқылар шұрқырасып, оқыранып тұрғанын байқады да, жанына барды. Өз көзіне өзі сенер емес, топ жылқының ортасында қасынысып үкілі кер тұр. Бір сәт дағдарып тұрды да, атылып барып әкесі тірліп келгендей үкілі торының мойнынан құшақтай алды. Сол сәт жанарынан жас моншақтағанын өзі де сезбей қалды. Әкесінің иісі жылқы иісімен араласып танауын қытықтағанда, тіл жеткісіз ғажайып сезім құшағында тербелді.

Ерлесі капитан Елеу келді. Туыс-туған, ел-жұрт қайта жиналды. Үкілі кердің қабырғасы арсынып, әбден тытығына жетіп арықтаған. Демек, бұл жержады тұлпар алыс жерден қанып келген деп ұйғарды.

Үкілі кер күні бойы үйдің жанынан ұзамай Нұржанның иісі сіңген заттарды иіскелеп, оқыранып-пысқырынып жер тарпығаны жұрт көңілін босатты. «Әй, жануар мал да болсаң, адамнан зиятсың ғой!» деп үлкендер көзіне жас алды. Өріске қанша айдаса да, үй іргесінен ұзамай қойған соң, Айдын суға апарып, әкесінің жасаған ағаш тарағымен тарап, сылып-сипап жуды да, мама ағашқа апарып байлап қойды.

Түстен кейін аласұрған үкілі кер байлаудағы шылбырын үзді де, Күнгейті өзенін бетке алып, ойнақшып, кісінеп құйғытып шаба жөнелді. Үйдегі жұрт түп қотарыла далаға шықты. Көптен бері бұл істің барысынан миы әбден шатысқан Елеу бір кәдікті сезді де, тыртық сан қара атқа жайдақ мініп, үкілі кердің артынан құды.

Құлағын қайшылаған жануар безіп келеді. Бір дөң асқаннан кейін, қарасын көрсетпей кетті. Сол бағытты тұралап Елеу де шоқырақтатып қалар емес. Таяудағы шоқыға шыққанда, үкілі кердің өзен бойында басын төмен салып, жер тарпып тұрғанын көрді де, тыртық санды қамшыға көмді. Бұл жеткенше үкілі кер сол орнынан қозғалмады. Аттан түсіп, енді шылбырдан ұстамақ болғанда, үкілі кер басын бір сілкіді де, «менің артымнан

ілес дегендей» сәл қиыстағы тоғайға қарай желіп отырды. Бір нәрсенің ұшығын сезген Елеу енді атты қумай, еркіне жіберіп соңынан ерді. Үкілі кер әнтек кісінеп қойып, ит тұмсығы өтпес тоғайға сұғынып кіріп барады. Бұдан ары атпен жүру мүмкін болмаған соң Елеу атын бір бұтаға байлады да, жаяу ілесті. Қанша жүргенін білмейді, әйтеуір, тұла бойын бұта-бүрген тіліп, әбден кетеуі кеткен Елеу бір мезетте үкілі кердің тоқтағанын көріп, жақындап келіп ентігін басты. Бақса, алдында атамзаманнан қалған терең ор жа-ты. Шұңқырдың ішіне қарағанда көз шарасы шыға жаздады. Сынған ағаш бұтақтарының арасынан тізеден төмен адам аяғын көрді. Күлімсі иіс қолқасын қапты. Кәнігі ізкесер қобалжуын басты да, орға түсіп адам мәйітін жасырған ағаштарды аршығанда, көгеріп борси бастаған Нұржанды айнытпай таныды. Сол сәтте үкілі кердің көзінен жас парлап тұрды. Елеу мұны өз көзімен көрмесе, ел айтқанға сенбес еді.

Бұл оқиға естіген халықты есеңгіретіп тастады. Өлді деп жаназасын шығарып жерлеп тастаған Нұржанның денесі тоғайдан табылды. Сонда ана мәйіт кімдікі болды?

Сөйтсе, Нұржан жоғалған мезетте тағы да бір адам жоғалған оқиға тіркелген. Ол Күнгейті өзенінің жоғары жағындағы ауылдың тұрғыны екен. Балық аулаймын деп өзенге жалғыз кетіп, содан із-түзсіз жоғалған ұйғыр азаматы боп шықты. Бұл іспен бөлімшедегі басқа қызметкерлер айналысқан соң, Елеудің бар ойы Нұржан болып, оған аса бір назар аудармаған.

Мәйітті қайта қазып алып, туысқандарына көрсеткенде, олар бірден таныды. Құдайдың құдыреті! Мұндай ұқсастық болар ма? Оның да үш саусағы шолақ болып шықты. Бірақ мұның оң қолы болса, Нұржанның сол қолының үш саусағы шолақ еді. Қайғыдан қан жұтып жүрген Ұлжан мен Айдын оны дер кезінде байқамаған.

Нұржанның денесін сараптамадан өткізіп, фотоайғақтар алынып, екінші рет жаназасы шығарылып, жер қойнына тапсырылды.

Елеудің бұйрығымен астыртын жақын маңайдағы малшыларға ескертпестен етік, туфли, галощ, тағы да басқа аяқкиімдері бір түннің ішінде бөлімшеге жинап алынды. Артынан малшыларды бір-бірден шақырып, фотоайғақ бойынша жауап алынғанымен, айғақпен мына етіктің табанының бедері сай келіп тұр. Ол етіктің иесі Нұржанның қанды көйлек досы Адалбек болып шығады деп кім ойлаған?

Елеу басында Адалбектің оғаш жүріс-тұрысынан аздап секем алып жүрді де, кейіннен Нұржанды іздеу барысындағы оның жанкешті еңбегін көріп, өз ойынан өзі ұялғаны бар. Адалбекті бөлімшеге шақырты.

– Сізден мұндай жауыздықты күтпеп едім, – деді Елеу Адалбектің көзіне тура қарап.

– Нені айтып тұрғаныңызды түсінбедім, – деді де, Адалбек күмілжып төмен қарады.

Елеу суырмадан әлдебір папканы алды да, арасынан фотоларды шығарып, Адалбектің алдына жайып салды. Фотода Нұржанның бетіне түскен етіктің ізі бадырайып тұр еді.

– Қара, дұрыстап қара мынаған. Мына белгілер таныс шығар, оңбаған, – деп үстелді қойып қалды.

Басын көтеруге дәті жетпеген Адалбек:

– Ондай етік біреу ғана емес, көп қой. Ол дәлел бола алмайды, – деді төменшіктеп.

– Олай болса, мынаған қара, – деді папканың ішінен етіктің өкшесіне тағатын нәлді алып көрсетіп. – Мынау кімдікі? Мен мұны өзен бойынан таптым. Сенің етігінде жақында ғана түсіп қалған нәлдің орны тұр. Демек, сен Нұржанның бетінен тепкенде, етіктің нәлі жұлынып сонда қалған.

Сонда барып, Адалбек бір қуарып, бір қызарып жынын алған бақысдай сылқ ете қалды. Мойындауға мәжбүр болды.

... Сол күні олар қас қарая Күнгейті өзенінің бойында, ел көзінен таса жерде кезігеді. Олар дегені: Нұржан мен Адалбек және Адалбектің екі жолдас

жігіті Ерлан мен Кеңес. Нұржан бұлардың не мақсатпен келгенін түсінбеген. Адалбекпен бірге барып, олардың алып келген арағымен шөл басқан (Өзен бойынан екі бөтелке арақтың шиясы татылғанын еске алыңыз). Басында әңгіме дұрыс бағытта өрбіген. Бірақ қыза келе, олардың ойы үкілі керді сатып алу екенін білгенде, Нұржан мастығы мен ашуы қосылып, оларға жұдырық ала жүгірген. Адалбек бұларды қайтадан татуластырып, екінші жартыны ішу үшін қайтадан отырған. Сол жерде Адалбек Нұржанның құлағына сыбырлап, майдан қыл суығандай қылып, жұмсақтап атын сатуға көндіруге тырысқан. Бәрібір онысынан ештеңе шықпаған. Бұл істен дәнене өнбеген соң, олар Адалбекті оңаша шақырып, өкпе-назын бетіне салық қылып орындарынан тұрып, кетпекші болады. Сол кезде Нұржан тартпасын тартып, енді атқа аяқ арта бергенде, жақтан тиген ауыр соққыдан есеңгіреп құлайды. Атқа Нұржаннан бұрын мініп, нәл қаққан керзі етікпен құлақшекеден тепкен Адалбек еді. Сол сәтті пайдаланған ана екеудің біреуі түрмеге әлденеше рет түсіп қаны бұзылған, жаңа ғана Нұржаннан бір-екі соққы жеген Ерлан үкілі кердің шылбырымен есеңгіреп жатқан Нұржанды қылқындырады. Оған Кеңес болысады. Тұяқ серліп жатқан Нұржан соңғы рет Адалбекке қарап көзі шатынап, бірден айтпақ болғанымен, тамағы сырылдап барып үні өшеді. Сонда барып есін жиған Адалбек аттан секіріп түсіп, Нұржанның басын сүйегенімен, бәрі де кеш еді.

– Содан ары не істедіңдер? Шұңқырға апарып тастадыңдар ма? – деді Елеу.

– Жоқ. Сол кезде бойымды сұмдық өкініш пен үрей биледі. Соның бәрі қас-қағым сәтте болғанына қатты қаландым. Бірақ амал нешік! Болған іс болды. Бар ойым сол жерден қарамды батыру еді. Есім кіресілі-шығасылы бола жүріп, «атты алып кетіңдер, сендерді енді желкемнің шұқыры көрсін» дедім де, кетпекші болдым. «Тоқта, мынаны не істейміз?» деп Ерлан атымның шаужайына жармаса кетті. Оны Кеңес тоқтатты. Кетерімде «Мәйітті суға апарып тастаймыз, ұайымдама» деп жатқанын құлағым шалды. Шындығын айтсам, судан мәйіт табылғанда сонымен бәрі тынды деп ойлағам.

– Мынаны айтшы. Бала күннен тай-құлындай тебісіп өскен досыңды сол кезде неге тептің?

– Айтсам, сенбейсіз. Дәл сол кезде Нұржан атының тартпасын тартып тұрғанда, мені шайтан азғырды. Ол екеуміздің өміріміз тұтас көз алдымынан ағып өтті. Бұрын да мұндай азғын оялар ара-тұра қылаң бергенімен, жөрегіңде өлетін. Сол сәтте еркімді биледі. Екеуміз бірге өстік. Бірге оқыдық. Қыздардың бәрі соған ғашық болатын. Ұлжанға ғашық болғанымды досымнан жасырып айтпадым. Екеуміз тел қозыдай бірге жүреміз. Бірақ барған жерде төр соныкі. Маған мыңғырған мал біткенімен, атымды шығарар жүйрік шықпады. Тұлпар да, сулу да, бар абырой, бет-бедел Нұржандікі болды. Мен оның көлеңкесі сияқты болдым. Былайша айтқанда, бағын қызғандым. Ішті өртеген қызғаныш сол кезде бой көтеріп, оны тепкенімді өзім де сезбей қалдым.

...Адалбек қылмысын мойындаған соң, уақытша қамауда отырған Әленді босатты. Ерлан мен Кеңес қолға түсті. Үшеуі де заң бойынша жазасын алды. Айтпақшы, олар мәйітті суға тастамақшы болып, біраз әуреленген. Бірақ суға тастау үшін ашық жерге шығуға тура келгендіктен, ел көзіне түседен сенкеніп, мәйітті сүйрелеп жүріп тоғайдың түкпірінде апарып жасырған. Соның бәрін үкілі кер көріп тұрған.

Білетіндердің айтуына қарағанда, үкілі кер иесіз қалған соң, Нұржанның туысқандары қанша бәйгеге қосқанымен, бауырын жазып шаппай қойыпты. Тек Нұржанның ұлы Айдын әкесін буындырып өлтірген шылбырды кездейсоқ мойнына байлағаннан кейін ғана тағы екі-үш жыл алдына қара салмады дейді жануар!

Аршын НҰРБАҚЫТҰЛЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансапа Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана
Тапсырыс №157 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31